

# АНАЛАР МЕН АРУЛАРДЫҢ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



# ТІҒР АТЖ- ҚАЗАЛЫ



№19  
(2398)

Жексенбі  
8 наурыз  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ



Ардақты аналар, аяулы арулар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – әлемге мейірім мен жылулық сыйлайтын, отбасының ұйытқысы болып, қоғам өмірінің барлық саласында табысты еңбек етіп жүрген асыл жандарға көрсетілетін айрықша құрметтің белгісі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде: «Әйелдерге жан-жақты жағдай жасау, олардың құқығын қорғау және отбасы институтын нығайту – мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы», - деп ерекше атап өткен болатын. Бұл – елімізде әйелдердің мәртебесін арттыруға, олардың қоғамдағы рөлін нығайтуға әрдайым айрықша көңіл бөлініп отырғанының айқын көрінісі.

Бүгінде елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалар мен жаңғырулар да халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Соның ішінде мемлекетіміздің басты құжаты – Қазақстан Республикасының Конституциясы аясында қабылданып жатқан өзгерістер мен жаңашыл бастамалар қоғам дамуына жаңа серпін беруде. Мемлекет басшысының бастамасымен 15 наурызда өтетін маңызды саяси науқан - республикалық референдум ел бірлігін нығайтып, демократиялық құндылықтарды одан әрі дамытуға жол ашатынына сенімдіміз. Мұндай тарихи кезеңдерде әйелдер қауымының белсенділігі мен азаматтық ұстанымы ел болашағы үшін ерекше маңызды.

Қадірлі аналар мен арулар!

Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында қай салада болмасын нәзік жандыларымыздың орны айрықша.

Сіздердің даналықтарыңыз бен төзімдеріңіз, мейірімдеріңіз бен қамқорлықтарыңыз – әр отбасының бақыты мен берекесінің негізі. Ұрпақ тәрбиесінде, қоғамның рухани дамуы мен ел бірлігін нығайтуда сіздердің еңбектеріңіз әрдайым жоғары бағаланады.

Шұғылалы көктемнің шуақты мерекесі күні баршаңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Әрдайым жүздеріңізден күлкі кетпей, жүректеріңіз мейірім мен қуанышқа толы болсын!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

**Құрметпен,  
Қазалы ауданының әкімі  
Алмасбек Есмаханов**

## «ӘЙЕЛ-ӨМІРДІҢ МӘҢГІЛІК ШАМШЫРАҒЫ» АТТЫ САЛТАНАТТЫ ШАРА

Қазалы ауданында мейірімділік пен ізгіліктің, сұлулық пен жылулықтың белгісіне айналған шуақты көктемнің шұғылалы мерекесі - Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты шара өтті. Салтанаттыс-шара қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлі жайындағы ерекше қойылымнан бастау алды.

Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық Мәдениет үйінде өткен «Әйел-өмірдің мәңгілік шамшырағы» атты мерекелік шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, барша нәзік жандылар қауымын мерекелемекен құттықтады.

Көлжан Оразалиеваның есімдері мәңгі ел есінде сақталмақ. Бүгінгі таңда ауданымызда түрлі саладағы қызметкерлердің саны 15 мыңнан асса, оның тең жартысын әйел адамдар құрайды. Өңірдегі істің көзін таба білген кәсіпкерлердің 50 пайызы әйел азаматтар. Білім саласындағы қызметкерлердің 80 пайызы, денсаулық сақтау саласының 85 пайызы аналар мен қыз-келіншектер. Ал, ауданымызда 2 мыңнан аса алтын құрсақты аналарымыз болса, оның 681-і «Алтын алқа», 1182-і «Күміс алқа» иегерлері. «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» дейді халқымыз.

бақ-береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Мерекелік шарада аудан әкімі түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген аяулы аналар мен қыз-келіншектерге облыс және аудан әкімінің «Алғыс хаттарын» табыстады. Сонымен қатар, көп балалы аналарға «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» төсбелгілері табыстылып, алтын құрсақты жандарда құрметке бөленді.

Салтанатты шараның соңында ақ жаулықты аналар мен аяулы қыз-келіншектерге аудан әкімінің мерекелік арнайы сыйлықтары мен



-Шын мәнінде адамзат баласы үшін анадан құдіретті, анадан ардақты, анадан аяулы ешкім жоқ. Әлемдегі ең жоғары мадақ та, құрмет те ару-аналарға арналады. Қасиетті Қазалының топырағында дүниеге келіп, киелі мекеннің атын барша қазақ даласына танытып, ән әлемінің падишасына айналған Роза Бағланова мен қазақтың Ақбаяны атанған жезтаңдай әнші Мәдина Ералиева, Социалистік Еңбек Ері атанған

Ал, тал бесіктің иесі – әйел. Қоғамымыздың келешегі, тәуелсіздігіміздің тағдыры Өздеріңізге байланысты.

Тәуелсіз еліміздегі бейбіт тірліктің, мызғымас бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да өздеріңіз, аяулы арулар!

Осынау мерейлі мерекелеріңізбен тағы да құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға

гүл шоқтары таратылып, құрмет көрсетілді.

Мерекелік шара концерттік бағдарламаға ұласып, айтылған ізгі тілектер мен шырқалған әндер асыл ана, адал жар, аяулыапа-қарындастарға арналып, нәзік жандылар қауымы үлкен қуанышқа бөленді. Қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Кеңес Әлімжан шарада ән шырқап, мерекелік кештің көркін кіргізді.

**Қазалы ауданы  
әкімдігінің баспасөз  
қызметі**

## ТАЗАЛЫҚШЫ НӘЗІК ЖАНДЫЛАРДЫ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Аудан әкімі орай Әйтеке би кентіндегі Алмасбек Есмаханов 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне құрмет көрсетіп, мерекемен

құттықтады.

Аудан басшысы күнделікті ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген тазалықшылардың еңбегіне алғыс білдіріп, гүл шоқтары мен мерекелік сыйлықтар табыстады.

Кездесуде тазалықшылардың еңбегі қоғам үшін аса маңызды екенін атап өтті.

–Құрметті аналар, ардақты апа-қарындастар! Сіздерді шуақты көктемнің ең көркем мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің күн сайын таңмен таласа тұрып, аудан тазалығын сақтауда атқарып жүрген еңбектеріңіз зор құрметке лайық. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, күндіз-түні тыным таппай

еңбек етіп, туған жеріміздің көркеюіне үлес қосып келесіздер. Сіздер халыққа жайлы орта қалыптастырып, тазалықтың сақталуына аянбай қызмет етудесіздер. Бұл – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін жұмыс. Осындай адал еңбектеріңіз үшін барша аудан тұрғындары атынан алғысымды білдіремін, – деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

Мерекелік жүздесуде тазалықшы әйелдер аудан басшысына ризашылықтарын білдіріп, көрсетілген құрметі үшін алғыстарын жеткізді.

Осындай құрметке бөленген нәзік жандылар өз еңбектерінің еленіп жатқанын ерекше ықыласпен қабылдап, мерекелік көңіл-күйге бөленді.

## ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Аудан орталығындағы №266 мектеп-лицейде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында білім саласында жемісті еңбек етіп жүрген ұстаз-аналар мен ардагерлердің құрметіне арналған мерекелік салтанатты шара өтті.

Мерекелік шара қазақ тарихындағы батыр қыздар мен аналарымыз туралы қойылыммен басталды.

«Сұлулықтың сүйкімді періштесі» атты салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов қатысып,



Республикасының жаңа Конституциясына арналған республикалық референдумға ауызбіршіліктің үлгісін көрсетіп, белсене атсалысуға шақырды.

Мерекелік шарада ауданның білім саласында табысты еңбек етіп жүрген бірқатар мұғалімдер облыс әкімі мен аудан әкімінің, облыстық білім басқармасы басшысының «Алғыс хатымен» марапатталса, Ғани Мұратбаев атындағы №17 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Бағым Сакиева Қазалы ауданының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Сондай-ақ, бір қолымен бесікті тербетіп, ұрпақ тәрбиелеу ісіне ерекше үлес қосып жүрген аналарға «Алтын» және «Күміс» алқалар табысталды.

Марапаттау рәсімінен кейін, сахна төріне барша білім саласындағы нәзік жандылар қауымына арналған аудан әкімінің ықылас гүлі шығарылды.

Мерекелік көңілді кешті өнерлі ұстаздар қауымы, мектеп оқушылары, түрлі өн байқауларының жеңімпаздары әуелеген әнмен көркемдеді. Ал, қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Кеңес Әлімжан ән шырқап, ұстаздарға ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлады. Шара соңы оқушылардың орындауындағы керемет хормен аяқталып, барша ұстаздар қауымына гүл шоқтары ұсынылды.

**Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**



ауданның барша ұстаздар қауымына аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың мерекелік құттықтауын жеткізді.

–Баршаңызды шуақты көктемнің шұғылалы мерекесі - Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – мейірімділік

пен ізгіліктің, сұлулық пен жылулықтың символы. Ал, білім саласында еңбек етіп жүрген Сіздер – сол асыл қасиеттердің шынайы иесісіздер. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деген. Расында, қоғамның дамуы да, мемлекеттің болашағы да ұстаздың

еңбегімен тығыз байланысты. Жыл өткен сайын елімізде білім саласын дамытуға үлкен қолдау көрсетіліп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр аулынан 300 орындық

мектеп пайдалануға берілді. 2025 жылы аудан орталығындағы Ж.Жабаев атындағы №234 мектепке күрделі жөндеу жүргізілсе, тағы да 8 білім ордасына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Аудандағы бірқатар білім ордаларының кабинеттері жабдықталып, 25 білім беру ұйымдарына талапқа сай бейнекамера орнатылды.

Бүгінгі барша нәзік жандылардың мерейлі мерекесінде, өздеріңізге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін, – деді Дәурен Оңғарбайұлы.

Салтанатты шарада Дәурен Оңғарбайұлы барша ұстаздар қауымын санаулы күндерден кейін елімізде өтетін Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған Қазақстан

**БАЯНДЫ БАҚЫТ  
ТІЛЕЙМІН**

Ардақты аналар!  
Қадірлі қыз-келіншектер!  
Сіздерді көктемнің  
шуағымен бірге келген 8 на-  
урыз – Халықаралық әйелдер  
күні мерекесімен шын жүректен  
құттықтаймын!

Қашанда еліне тұтқа,  
ұрпаққа пана болған, тіршілікке  
нәр берген, адамзатқа өмір  
сыйлаған Анадан күдіретті,  
Анадан ардақты, Анадан аяу-  
лы жан жоқ. Тіршіліктің тірегі,  
отбасының берекесі, барша  
адамзаттың тәрбиешісі – ол  
Ана.

Қазақ әйелдері ғасырлар  
бойы келер ұрпаққа баба-  
лар даналығын жеткізіп  
отырды, адами қасиеттер  
мен адамгершілік ұғымын  
ұрпағының бойына сіңірді.  
Ұл-қызына Отанға деген ма-  
хаббатты, үлкенге құрмет,  
кішіге ізетті үйретті. Киелі  
шаңырақтың ұйытқысы болып,  
инабаттылық символына ай-  
налды.

Бүгінде еліміздің толағай  
табыстары мен қол жеткен  
жетістіктерінің барлығында  
әйелдер қауымының өз  
қолтаңбасы бар. Әйел-  
аналарымыз бен қыз-  
келіншектер барлық салада  
жемісті еңбек етіп, қоғамның  
дамуына, мемлекетіміздің  
өркендеуіне өз үлесін қосып  
келеді.

Бала тәрбиелеуде ғана  
емес, білім мен саясатты,  
экономикалық және әлеуметтік  
ахуалдарды жақсартуда ераза-  
маттармен иық тірестіре еңбек  
етіп жүрген қыз-келіншектер  
бүкіл халқымыздың мақтанышы  
деп білемін.

Құрметті аналар мен қыздар  
қауымы!

Ізгі ниет пен сұлулыққа, сыр-  
баз сезім мен сыйластыққа  
толы мерейлі мерекеде  
Сіздерге толағай табыс, мықты  
денсаулық, шаңырақтарыңа  
шаттық пен бақ-береке  
тілеймін!

Көктемнің осы бір шұғылалы  
мерекесі баршаңызға баянды  
бақыт сыйласын!

**Жанар ҚАЗИҚЫЗЫ,**  
**«Amanat» партиясы**  
**филиалы жанындағы**  
**«Әйелдер қанатының»**  
**мүшесі**

**КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

8 наурыз шұғылалы  
көктемнің мерекесі.  
Халықаралық әйелдер күні. Атап  
айтар жағдай біздің елімізде  
бар тіршіліктің тұтқасын ұстап  
тұрған аналардың, мейірімді  
әжелердің, арулардың  
әлеуметтік қорғалуына,  
олардың өмір сүру деңгейін  
арттыруға айырықша маңыз  
берілген.

Нәзік жанды-  
лар ізеттіліктерімен,  
сыпайылықтарымен өмірді  
шуақтандырып, туыстарына,  
жақындарына жылу сыйлай-  
ды. Әйелдердің қоғамдағы  
рольдері ерекше. Әйелдер  
отбасының құты болулары-  
мен қатар Отанға адал қызмет  
етушілер екендіктерінде  
дәлелдеп келе жатыр. Белгілі  
тұлғаларды, батырларды  
өсіріп, ұлтымызды сақтайтында  
әйелдер қауымы. Әрбір  
жанға нұрын сеуіп, өмірді  
нұрландыратын, әрбір отбасын-  
да береке – бірлік орнататында  
аналар мен қыз келіншектер.

Алланың сүйікті  
елшісі Мұхаммед (с.ғ.с)  
пайғамбарымыздың қасиетті  
хадис шарифинде: «Жәннәттің  
кілті ананың табанының астын-  
да» делінген. Бұдан артық  
аналарға қандай теңеу ке-  
рек. Кәзіргі дамыған заман-

да ерлермен қатар әйел-  
қыздардың қаншалықты қызмет  
атқаратынын көріп жүрміз.



Ғалым, ұстаз, дәрігер,  
әскери қызметкерлер, құқық  
қорғаушылар қатарында  
қызмет атқаратын қаракөз  
қыздар мен келіншектер көптеп  
саналады. Мәселен, өзімнің  
күнделікті өмірдегі қызмет са-  
ласында араласып жүрген  
қыздарым, келіндерім қаншама.  
Мысалы: «Тұран-Қазалы»

газетінде Жұлдызай, Айнагүл,  
«Жанқожа батыр» мешітіндегі  
Зәуре, Алмагүл, Бақытгүл, Жа-  
дыра, Айда, Зәмзә, аудандық  
полиция бөлімінде Айгүл, Ай-  
жан. Құрмет, Ранай, Махаббат  
есімді қыздарымды айтсам да  
жеткілікті.

Бұл қыздарымыз  
тәуелсіздігіміздің болашақ  
ұл, қыздарын тәрбиелеп,  
азаматтарға сенімді тірек бо-  
лып, қоғам ісіне білек сыбана  
кірісіп, отбасыларының және  
өз орталарының ажарын да ба-  
зарын да келтіріп жүргендердің  
қатарында.

Мен өзім Қазыналы  
Қазалының қарияларының бірі  
ретінде аудан көлеміндегі кей-  
уаналармен қыз келіншектерді  
ару көктемнің мерекесі- 8 на-  
урыз халықаралық әйелдер  
күнімен шын жүректен  
құттықтаймын. Көздің жау-  
ын алатын гүлдей құлпырып,  
бақытты өмір сүрулеріне  
тілектеспін. Дендеріне  
саулық, көңілдеріне шаттық,  
отбасыларыңа құт-береке,  
ауызбіршілікпен тыныштық  
тілеймін.

**Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,**  
**Аудандық орталық**  
**«Жанқожа батыр»**  
**мешітінің баспасөз**  
**хатшысы**

**АНАЛАР МЕРЕКЕСІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ**

Жыл сайын 8 наурыз  
– Халықаралық әйелдер  
күні мерекесін әрбіріміз  
әдемі гүлдермен, қымбат  
сыйлықтармен тойлауды  
әдетке айналдырдық. Осы  
мерекенің түп-тамыры сонау  
XX ғасырдың басындағы бар-  
ша әйелдердің өз құқықтары  
үшін күресінде жатқанын бірі -  
білсе, бірі - білмейді. Мерекенің  
шығу тарихы жайлы тарихи  
болжамдар да жеткілікті. Аңыз-  
әңгімелерде айтылады. Соған  
тоқталайық. 1857 жылы АҚШ-  
тың Нью-Йорк қаласында  
тоқыма және аяқ киім фабри-  
каларында жұмыс істейтін  
әйелдер көшеге шеруге шықты.  
Олардың басты талабы: жұмыс  
уақытының қысқартылуы,  
жайлы орын және ерлер-  
мен бірге тең жалақы болды.  
Дәл сол кез әйел құқығы үшін  
күрестің маңызды бастамасы

ретінде тарих-  
та қалды. Кейін  
Халықаралық  
әйелдер күні  
алғаш рет 1910  
жылы Копен-  
гагенде өткен  
Халықаралық  
социалистік  
әйелдер кон-  
ференциясын-  
да бекітілді. Бұл  
идеяның баста-  
машысы — неміс  
әйелдер құқығын  
қорғаушы әрі  
м а р к с и з м

теоретигі Клара Цеткин болды.  
Германия, Австрия, Швейца-  
рия және Дания мемлекеттері  
бұл мерекені алғаш рет 1911  
жылдың 19 наурызында атап  
өтті. Ал, Кеңес Одағы 1917  
жылы оны мемлекеттік мереке  
ретінде алғашқы болып жария-  
лады. 8 наурыз күні халықаралық  
деңгейде 1921 жылы ресми  
түрде бекітілді. Халықаралық  
әйелдер күні ұлттық мереке  
ретінде мына елдерде жария-  
ланды: Моңғолия (1957)ж, Ан-  
гола (1961)ж, Украина (1965)  
ж, Куба (1966)ж, Вьетнам  
(1975)ж, Мозамбик (1975)ж,  
Замбия (1996)ж. 1977 жылы  
Біріккен Ұлттар Ұйымы 8 на-  
урызды Халықаралық әйелдер  
күні деп жариялады. Бұл күн жыл  
сайын бүкіл әлем әйелдерді,  
олардың қоғамға қосқан  
үлесін атап өтіп, құрметтеп,

еске алуы тиіс күн ретінде  
белгіленді. Ал, Қазақстанда  
1923 жылы 8 наурыз мерекесі  
«Халықаралық әйелдер»  
мерекесі емес, «Халықаралық  
еңбекші әйелдер» мерекесі  
болып бекітілді. Мереке алғаш  
рет кеңес одағының құрамында  
болған кезде ресми түрде  
атап өтіле бастады. 1965 жылы  
бұл күн мемлекеттік деңгейде  
бекітіліп, демалыс күніне айнал-  
ды. Тәуелсіздік алғаннан кейін  
Қазақстанда мереке сақталып,  
ұлттық деңгейде атап өтілетін  
мейрамдар тізіміне енгізілді.  
Бұл айтулы күн тек әйелдерді  
құттықтау күні ғана емес,  
қоғамдағы гендерлік теңдік  
мәселелерін талқылау күніне  
айналды. Тәуелсіздік алғаннан  
кейін де Қазақстанда 8 наурыз  
мемлекеттік мереке ретінде  
сақталып, әйелдерді құрметтеу  
және олардың еңбегін бағалау  
күні ретінде тойлана береді.  
Ол ресми мереке ретінде  
Қазақстанда 1998 жылы жари-  
яланды. «әйел», «ана» атаулыға  
сыйлық сыйлап, көңілдерін  
қуанту үшін бір күннің бо-  
луы міндетті емес. Өйткені,  
әйелдер, аналар әр күні бақытты  
болуға лайықты емес пе?

Құрметті арулар, аяулы  
аналар! Көктемнің шуақты  
мерекесі сіздерге мол қуаныш,  
мықты денсаулық, толағай та-  
быс және шексіз бақыт әкелсін.

**Жинақтаған:**  
**Гүлшаһар АЙМИШОВА**

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНЫП ЖҮРМІЗ БА?

Әлемде ғаламторды пайдаланбайтындар жоқ шығар. Ғаламтор өміріміздің мәні мен сәніне айналғалы қашан. Қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналған. Бүгінгі күнде ұялы телефонсыз өмірді елестету мүмкін емес. Оның жылдамдығы кішкене нашарласа болды, ашуға мінеміз.

Ғаламторды қолданатын кез-келген адам өзі қалаған ақпаратты тауып, қажетіне жаратады. Жаңалықтар мен оқиғалардан хабардар болады. Дүние жүзіндегі адамдардың 95%-ға жуығы белсенді түрде интернет игіліктерін іс жүзінде қолданады. Яғни, интернеттің маңызы өте зор. Сондықтан қазіргі таңда адамдар интернетке тәуелді болып барады. Адамзат баласы кем дегенде күніне 1 сағат ғаламторға жіпсіз байланады. Ғаламтор адамдарды, елдермен байланыстырады. Бір сәтте басқа құрлықтағы адаммен сөйлесу — бұрын қиял еді, қазір дәстүрге айналды. Ғаламторда шындығы да, жалғаны да бар. Құпиясы — бәрі қолжетімді, бірақ бәрі бірдей

шындық емес. Ақылды пайдаланушы болу — ең маңызды кілт десек қателеспейміз. Біздің не көретінімізді көбіне алгоритмдер шешеді. Бұл ыңғайлы, бірақ кейде байқатпай әсер етеді. Ғаламтор бізді батыл да етеді, әлсіз де етеді. Шынайы бола алады, жалған кейпін киеді. Осы екі ұштылық — оның ең терең құпияларының бірі. Одан бөлек ғаламтор — табыс көзі. Үйде отырып-ақ, жұмыс істеп, пайда тауып жүргендер аз емес. Алысты жақындатып, бауырларыңмен, көп уақыт көріспеген алыстағы туысқандарыңмен де оңай әрі тез байланыстырып береді.

Британдықтар арнайы зерттеу жүргізе келіп, мынандай қортынды жасап отыр: «Әлеуметтік желілерде үнемі отыру ми қызметіне де кері әсер етеді, гормональдық тепеңдікті бұзады, иммунитетті нашарлатады, мұның бәрі адамның жүйкесі мен ой-санасына белгілі бір мөлшерде ауыртпалық түсіреді».

Өздеріңізге белгілі, жүйкеге салмақ түсуі дегеніңіз - ойлау

қабілетінің төмендеуі, көңіл бөлу мен есте сақтаудың кемуі, бас ауруы мен ұйқысыздық, көңіл күйдің құлазуы. Негізінен, компьютердің алдында отырып, жұмыс істейтіндердің шағымданатын сырқат белгілері екі топқа бөлінеді: 1. Көздің көру қабілетінің нашарлауы. 2. Бастың желке тұсының (қарақұсының), мойын мен иық, жауырын, білектің ауыруы. Көру қабілетінің нашарлауы, оның бұлдырап, анық көрмеуі.

Ғаламтордың осындай зияны қатар жүреді. Оны ғылым мен техниканың шынайы жетістігі дегенмен ғаламторға тәуелділік ғаламдық проблемаға айналып бара жатыр. Соның кесірінен адамдар арасындағы шынайы жанды қарым-қатынасты бұзды. Ұялы телефонда көбісі грамматикалық қате жібереді, көп сөздің қалай дұрыс жазылатынын ұмытып, шүлдірлеп, былдырлап сөйлейді. Ең басты зиянды тұсы — денсаулыққа тигізетін кері әсері тағы бар. Одан бөлек қазіргі таңда әлеуметтік желіде

алаяқтар көбейіп кетті. Желіге жарияланған ақпарат фейк болуы да мүмкін, сондықтан әрбір жаңалыққа сын көзбен қарап шындығына жетпей сенбеу керек. Адамзат баласының әлеуметтік желіге не болса соны салып, болашақ жастардың тәрбиесіне кері әсерін тигізіп жатқан жағдайы бар.

Әлеуметтік желісіз ата-бабамыз бейбітшілік, тыныштықта өмір сүріп, елдің тыныштығын, ауызбіршілігін, құндылықтарымызды сақтап қалған. Біз сол сара жолмен жүріп, шектен шықпағанымыз абзал. Әлеуметтік желі мен виртуалды байланыс-заман талабына айналды. Ол адам өміріне жаңа мүмкіндіктер, жаңалықтармен бөлісіп, одан үлгі алуға жол ашады. Дегенменде ұтымды жақтарын пайдалансақ екен. Қазақ халқын, жақындарымды, сыныптас достарымды ғаламторға сағаттап байланудан сақтануға шақырамын!

**Динара НЫСАНЖАН,**  
**№276 орта мектептің**  
**6 сынып оқушысы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының Энергетика және ТКШ басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы қоршаған ортаға әсер етугерұқсат алу үшін «Жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖБШ/НДВ)» жобасы және құжаттар пакеті бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 10 сәуір, сағат 15:00

Өтетін орны: Әйтеке би кенті, Ж.Аймауытов көшесі, 68 «А» «Кенттік Мәдениет үйі»

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, сондай-ақ, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

Zoom онлайн-конференциясына сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/7470557208?pwd=8FXkyb2BomULLmabubsAxaP1C9TeTC.1&omn=84408405479>

Идентификатор конференция: 747 055 7208

Код доступа: 2s2wXU

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы:

Қызылорда облысының Энергетика және ТКШ басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу»

филиалы.

Орналасқан мекенжайы: 120400, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Я. Михайлюк көшесі, 2 «Б». БСН 160 741 004 897

Тел.: +7 (777) 561 5275, e-mail: Gkpkazaly-tzh@mail.ru.

Әзірлеуші:

«CSD Consulting» ЖШС. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050059, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 15 үй, 19в н.п.

БСН 230 940 030 85. Тел.: 8 701 530 41 76, e-mail: csd23.center@gmail.com

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау жөніндегі ұлттық деректер банкі» порталы <https://hearings.ndbecology.gov.kz> («Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі), пікірлер мен ұсыныстар «НБД СОС и ПР» ақпараттық жүйесінде қабылданады (<https://hearings.ndbecology.gov.kz/>). сондай-ақ, «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

**Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда жылу электр орталығы» мемлекеттік кәсіпорнының «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Ф и л и а л ал «Қазалы-Теміржолжылу» ГКП «Қызылорда теплоэлектр оцентр» на праве хозяйственного ведения управления энергетикой и ЖКХ Кызылординской области, Юр. адрес: 120400, Республика Казахстан, Кызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би, ул. Я. Михайлюка, 2Б; БИН 160 741 004 897, телефон: +7 (777) 561 5275, e-mail: Gkpkazaly-tzh@mail.ru.

Общественные слушания состоятся в кент Айтеке би ул. Я. Аймауытова № 68А «Кенттік мәдениет үйі» дата 10.04.2026 год. время 15:00.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме через платформу Zoom.

Ссылка на онлайн-конференцию Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/7470557208?pwd=8FXkyb2BomULLmabubsAxaP1C9TeTC.1&omn=84408405479>

Идентификатор конференции: 747 055 7208

Код доступа: 2s2wXU

Инициатор намечаемой деятельности: фили-

ал «Қазалы-Теміржолжылу» ГКП «Қызылорда теплоэлектр оцентр» на праве хозяйственного ведения управления энергетикой и ЖКХ Кызылординской области, Юр. адрес: 120400, Республика Казахстан, Кызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би, ул. Я. Михайлюка, 2Б; БИН 160 741 004 897, телефон: +7 (777) 561 5275, e-mail: Gkpkazaly-tzh@mail.ru.

Разработчик: ТОО «CSD Consulting». Юридический адрес: РК, г. Алматы, 050059, Бостандыкский район, пр. Аль-Фараби, д. 15, н.п.19в. БИН: 230 940 030 85; телефон: 8 701 530 41 76, e-mail: csd23.center@gmail.com

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, раздел «Публичные слушания»; замечания и предложения принимаются в Информационной системе «НБД СОС и ПР» (<https://hearings.ndbecology.gov.kz/>). а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области».

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялындар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: [tooturankazaly@bk.ru](mailto:tooturankazaly@bk.ru)

Таралымы 11507 дана.